

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ		УЕ-29-24
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	1-нұсқа
Мансап және жұмысқа орналастыру орталығы		11 беттің 1-беті

Бекітемін

«Жұмабек Ахметұлы

Тәшенев атындағы

университеті» АҚ ректоры

Қ.С.Байболов

2024 жыл



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ - 29 - 24

БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Мансап және жұмысқа орналастыру орталығымен
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлеген — Мансап және жұмысқа орналастыру
орталығының басшысы Р.О. Халикова
3. Келісілді — Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
П.Т. Байнеева
— Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапа
менеджменті бөлімінің басшысы И.С.Ким
4. «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ
Ғылыми кеңесінің 27 11 2024ж. № 5 мәжілісінде талқыланып
мақұлданды.
5. Енгізілді — 2024ж.
6. Тексеру мерзімі — 5 жыл.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2024

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ		УЕ-29-24
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	1-нұсқа
Бітіруші түлектерді жұмыспен қамту		11 беттің 2-беті

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ бітіруші түлектерді жұмыспен қамтудың бірінғай талаптарын орнатуды көздейді.

Осы Ереже бітіруші түлектерді жұмыспен қамту мақсатында университеттің жауапты тұлғалары (факультет декандары, кафедра меңгерушілері) басшылыққа алуға міндетті.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылады:

2.1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

2.2. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді.

2.3. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 282 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 10 маусымда № 22987 болып тіркелді.

2.4. «Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 17 тамызда № 33291 болып тіркелді.

2.5. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 8 қаңтарда № 33892 болып тіркелді.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бұл ереже «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ-ның түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу іс-шараларын ұйымдастыру мен өткізуді реттейді.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ		УЕ-29-24
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	I-нұсқа
Бітіруші түлектерді жұмыспен қамту		II беттің 3-беті

3.1.Түлектердің жұмысқа орналасу саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес міндетті жұмыспен қамтылуға жатады:

- «Серпін-2050» жобасы бойынша оқитын бітірушілер аймақтағы жоғарғы оқу орнын бітірген соң кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істеуі керек;

- Ауыл жастары арасынан шыққан азаматтарға берілетін квота шегінде оқытушылық мамандығына қабылданған білім алушылар жоғарғы оқу орнын бітірген соң кемінде 3 (үш) жыл ауылдық жерлерде орналасқан мемлекеттік білім беру ұйымдарында жұмыс істеуі керек;

- Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша доктарантураға түскен азаматтар жоғары оқу орындарында немесе ғылыми ұйымдарда бітіргеннен кейін кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істеуі керек;

- Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде басқа мамандықтарда білім алған бітірушілер, меншік нысанына қарамастан ұйымдарда, оқу бітіргеннен кейін кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істеуі керек.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ-ның түлектері кәсіптік даярлығына, бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес кәсіп түрі мен жұмыс орнын еркін түрде таңдауға құқылы.

Университетте кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен келісімшарт немесе шарттар негізінде білім алған түлектер осы келісімшарттар мен шарттар (қосымша №1), кәсіпорындар тарапынан университет басшылығына сұраныс хаттар негізінде жұмысқа жіберіледі.

3.2. Жас мамандарды жұмысқа бөлу және жіберу келісідей тәртіппен жүзеге асырылады:

3.2.1. Университет жыл сайын облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына түлектердің санын, тұратын жерін, алған мамандығы және оқу тілін көрсете отырып, ағымдағы жылдың түлектерін кейіннен жұмысқа орналастыру үшін бос жұмыс орындарын ұсынуға өтінімдер жібереді.

3.2.2. Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары университет ұсынған өтінімге сәйкес тоқсан сайын университетке кадрларға қажеттілік туралы ақпаратты ұсынады:

- мемлекеттік білім беру ұйымдарында, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелерінде не ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік ұйымдарда;

- жас мамандарды бөлу жұмыс берушінің алдағы жұмысқа орналасу және бос орынды сақтау туралы сұранымы негізінде жас маман жұмыс орнына келген сәтке дейін жүзеге асырылады.

Ағымдағы жылы оқуды аяқтаған жас мамандар жұмыс орнына 1 қыркүйектен кешіктірмей жолдама бойынша келеді.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ		УЕ-29-24
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	1-нұсқа
Бітіруші түлектерді жұмыспен қамту		11 беттің 4-беті

3.2.3. Облыстың жергілікті атқарушы органы:

- Жас маман келгеннен кейін 1 (бір) ай ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген агентіне жұмыс орны және көрсетілетін әлеуметтік көмектің түрі (бар болса) туралы мәліметтерді ұсына отырып, түлектің бөлуге сәйкес келгені туралы анықтама жіберіледі;

- Жыл сайын 1 қыркүйекке қарай білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген агентіне жұмыс істейтін жас мамандардың тізімдерін жібереді;

- Жас маманның жұмыстан босатылуы туралы мәліметтерді және растайтын құжаттарды білім беру саласындағы уәкілетті органға жібереді;

- ЖОО-ын бір мезгілде аяқтаған ерлі-зайыптыларға бір елде мекенде орналасқан ұйымдарда жұмыс беріледі. Егер ерлі-зайыптылардың бірі оқуды бұрын аяқтаса, онда оны бөлу жалпы негізде жүргізіледі. Бұл жағдайда оқуды кейінірек бітірген жұбайы (зайыбы) жұбайының (зайыбының) жұмыс орны бойынша бірінші кезекте бөлуге құқығы бар;

- Жас мамандарды дербес бөлу тиісті бөлу жөніндегі комиссияның шешімімен жыл сайын, 1 шілдеден кешіктірілмей рәсімделеді және Ережедегі қосымшаға сәйкес жұмысқа жолдамалар дайындалады. Сонымен бірге, жас мамандарға оларды бөлу туралы хабардар ету шешімі қабылданған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей жұмысқа жолдама беріледі.

- Өкілетті органдарға 15 тамызға дейін жас мамандарды бөлу туралы ақпарат ұсынылады және комиссия шешімі қабылдағаннан кейін 15 күн ішінде білім беру саласындағы өкілетті тұлғаларға бөлу бойынша материалдар ұсынылады;

- Университет түлектерін алдын-ала бөлу әр оқу жылының наурыз-сәуір айларында жүргізіледі;

- Педагогикалық мамандықтар түлектерін дербес бөлу және барлық мамандықтар түлектері үшін «Бос орындар жәрмеңкесі» әр оқу жылының 20-25 мамырынан кешіктірілмей өткізіледі;

- Ауылдық жастар қатарындағы түлектерді жұмысқа дербес бөлуді университет ректоры бекітетін комиссия жүзеге асырады, оның құрамында ЖОО ректоры немесе проректоры (комиссия төрағасы) факультет декандары, бітіруші кафедралардың меңгерушілері жұмыспен қамту орталықтарының мамандары, даярлауды жүзеге асыратын ұйымдардың, мекемелердің өкілдері кіреді;

- Бітіруші кафедралар бітіруші түлектерді туралы ақпаратты атап айтқанда, білім беру бағдарламалары бойынша түлектер саны мен түйіндемелерді Мансап және жұмыспен қамту орталығына ұсынады

(Қосымша 2. Бітіруші курс студенттер туралы мәлімет (УЕ-29-24 Ф.29-02)

Қосымша 3. Бітіруші түлектерді жұмысқа арнайы бөлу тізбесі (УЕ-29-24 Ф.29-03));

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ		УЕ-29-24
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	I-нұсқа
Бітіруші түлектерді жұмыспен қамту		II беттің 5-беті

- Бітіруші түлектер үшін жұмыспен қамту бойынша іс-шаралар (жұмыс берушілермен кездесулер, дөңгелек үстелдер, семинарлар, «Бос орындар жәрмеңкесі») түрлі кәсіпорындардың, мекемелер мен ведомстволардың, потенциалды және мүдделі жұмыс берушілердің қатысуымен өткізіледі.

3.2.4. Бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыруға ықпал ету үрдісі келесідей жүзеге асырылады;

- ЖОО халықты жұмыспен қамту саласындағы облыстық уәкілетті органдармен, мүдделі ұйымдармен және потенциалды жұмыс берушілерді іздеу жөніндегі ведомстволармен өзара бірлескен жұмыстар жүргізіледі, факультеттер мен кафедралар арқылы ақпарат түлектерге жеткізіледі;

- Түлек Мансап және жұмысқа орналастыру орталығының түлектерді жұмыспен қамту жұмысына жауапты маманға жүгінеді немесе жұмыс берушімен тікелей байланыста бола отырып, өз бетінше жұмыс іздейді, ол өзінің жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы топ тәлімгеріне хабарлайды;

- ЖОО-да Мансап және жұмысқа орналастыру орталығы түлектер мен бос жұмыс орындары туралы мәліметтер базасы қалыптастырылады, түлектердің жұмыс берушімен байланысы жүзеге асырылады, тиісті шартты рәсімдеу және жасасу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

- Бітіруші кафедралар Мансап және жұмысқа орналастыру орталығы жауапты тұлғаға түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтерді ұсынады. Орталықта жұмысқа орналасу деректері талданады және нәтижелері жылдық есепте көрсетіледі;

- Талдау нәтижелері бойынша жұмысқа орналастырылмаған түлектердің саны анықталады, бітіруші кафедралар осы білім беру бағдарламасының тиімділігін жоспарлап, білім беру бағдарламаларының мазмұнына жұмыс берушілердің сұраныстары бойынша пәндерді енгізу жұмыстарын жүргізеді.

- Түлектерді жұмысқа орналастыру қорытындылары кафедра мәжілістерінде және факультет кеңестерінде талқыланады.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер жөніндегі
проректор



П.Т. Байнеева

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және
сапа менеджменті бөлімінің басшысы



И.С.Ким

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ		УЕ-29-24
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	1-нұсқа
Бітіруші түлектерді жұмыспен қамту		11 беттің 6-беті

*Қосымша 1.
Еңбек келісім шарты УЕ-29-24 Ф.29-01*

Еңбек келісім шарты

_____ қаласы " ____ " _____ 20__ жыл

Осы еңбек шарты бұдан әрі "Жұмыс беруші" деп аталатын

(мекеменің, кәсіпорынның аталуы)

_____ (мекеме, кәсіпорын жетекшісінің ТАӘ)
бір жағынан, екінші жағынан бұдан әрі «Жұмысшы» деп аталатын

(түлектің ТАӘ)

арасында жасалады.
«Жұмыс беруші» Ж.А. Тәшенев атындағы университеттің

(Мамандық/білім беру бағдарламасының шифры, аталуы)

(түлектің ТАӘ)

(қызмет атауы)

ретінде жұмыс ұсынады.

Осы келісім шарт « ____ » _____ 20__ жылдан « ____ » _____ 20__ жылға дейінгі аралықта құрылды және Қазақстан Республикасы еңбек кодексіне сәйкес штаттық кестеге сай жалақы төленеді.

Еңбек жалақысын төлеу шарты _____
(уақытша, жасаған жұмысына қарай немесе еңбек жалақысының өзге түрлері)

1. ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- ҚР Еңбек кодексімен анықталған тәртіппен еңбек және ұжымдық келісімшарттар жасауға, өзгертуге және бұзуға;
- Жұмысқа қабылданған кезде қызметкерлерден белгілі бір еңбек әрекетімен немесе белгілі бір қызметпен айналысу мүмкіндігін дәлелдейтін, ҚР еңбек кодексінде қарастырылған құжаттарды талап етуге;
- өзінің құзіреттіліктері шеңберінде жұмыс беруші актілерін шығаруға;
- ҚР Еңбек кодексімен және өзге де нормативті құжаттармен бекітілген тәртіпте қызметкерлерді ынталандыруға, оларды тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартуға;
- кәсіпорынның қызметкерге тигізген зиянның орнын толтыруға;

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ		УЕ-29-24
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	I-нұсқа
Бітіруші түлектерді жұмыспен қамту		II беттің 7-беті

- қызметкерлерге сынақ мерзімін орнатуға;
- қызметтік тұлғалардың ішкі еңбек тәртібі талаптарын орындауын бақылауға.

2. ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

- қызметкерлерге еңбек туралы заңнамаға сәйкес еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;
- қызметкерлердің ұсынысын қарау;
- еңбек туралы заңнаманың, еңбек шартының талаптарын сақтауға;
- қызметкерге келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілерінде қарастырылған тәртіппен және шарттарды өтеуге міндетті.

3. ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- Еңбек кодексте көзделген тәртіппен және жағдайларда еңбек шартын жасасуға, өзгертуге, толықтыруға, тоқтатуға және бұзуға;
- жұмыс берушіден еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарын орындауды талап етуге;
- еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға;
- еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы толық және анық ақпарат алуға;
- еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарына сәйкес уақтылы және толық көлемде жалақы төленуіне;
- тынығуға, оның ішінде жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына;

4. ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

- қызметтік әдеп ережелерін сақтауға;
- еңбек шартында және жұмыс берушінің актілерінде белгіленген еңбек міндеттерін адал атқаруға;
- еңбек тәртібін және ішкі еңбек тәртібі ережелерінің талаптарын сақтау;
- жұмыс барысында кәсіпорынға мүліктік зиян келтіруге жол бермеу;
- лауазымдық нұсқаулықтардың, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және өндірістік санитария жөніндегі қағидалардың талаптарын орындау;
- өз өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге және ұжымдық шарт жобасын әзірлеуге қатысуға, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шартпен танысуға;
- еңбек міндеттерін орындауға байланысты денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге;
- еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандырылуға;
- қызмет орнының кірісін артыруға үлес қосуға;
- жеке еңбек шартына сәйкес оған сеніп тапсырылған, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеу;
- қызметкерлерге еңбек заңнамасына сәйкес жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы беріледі, ҚР заңнамасына сәйкес жалақысы сақталмайтын демалыс берілуі де мүмкін.

5. ЕҢБЕК КЕЛІСІМШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

Еңбек шарты тоқтатылуы мүмкін:

- мерзімі өткеннен кейін;
- тараптардың еркіне тәуелді емес мән-жайларға байланысты;

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ		УЕ-29-24
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	1-нұсқа
Бітіруші түлектерді жұмыспен қамту		11 беттің 8-беті

Еңбек шартының бұзылуы мүмкін:

- тараптардың келісімі бойынша;т
- тараптардың бірінің бастамасы бойынша;
- Заңнамалық актілерде көзделген өзге де негіздер бойынша.

Қызметкердің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін:

- қызметкердің осы жеке еңбек шартының талаптарын сақтамауы;
- жұмыс берушінің хабарынсыз басқа ұйымдарда қоса атқаратын жұмыстар;
- ҚР еңбек кодексінде және жұмыс берушінің нормативтік актілерінде көзделген өзге де жағдайларда.

Еңбек шарты мерзімінің аяқталуына байланысты қайта еңбек шарты құрылмаған жағдайда қызметкерге бұл туралы жұмыс беруші бір ай бұрын жазбаша ескертіп, еңбек шартын тоқтатуға құқылы. Сонымен қатар жұмыс беруші ұйым қызметкерлердің саны немесе штаттық қысқарту жағдайында, еңбек шарты бұзылғанға дейін кемінде бір ай бұрын алдағы уақытта келісімшарттың тоқтатылатыны туралы жазбаша ескертіледі.

Осы Шарттың талаптары тараптардың келісімімен ғана өзгертілуі мүмкін. Қызметкерлерге кепілдіктер мен өтемақы төлемдері ҚР Еңбек кодексінде көзделген еңбек тәртібі негізінде жүзеге асырылады.

Барлық даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен реттеу мүмкін болмаған жағдайда ол келісім комиссиясымен және/немесе сот тәртібінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаралады.

Осы Шарт бірдей заңдық күшке ие 2 дана етіп жасалды, әрбір Тарапқа бір-бір данадан берілді. Шарттың мазмұны үшінші тұлғаларға жарияланбайды.

«Қызметкер»

(түлектің Т.А.Ә.)

(жеке куәлік сериясы, ЖСН)

(қолы, күні)

«Жұмыс беруші»

(ұйымның, кәсіпорынның аталуы)

(ұйым, кәсіпорын басшысының Т.А.Ә.)

(қолы)

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ		УЕ-29-24
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	I-нұсқа
Бітіруші түлектерді жұмыспен қамту		II беттің 9-беті

Қосымша 2

Бітіруші курс студенттер туралы мәлімет (УЕ-29-24 Ф.29-02)

20 -20 оқу жылындағы бітіруші курс студенттер туралы мәлімет

Факультет атауы:

Мамандық/ БББ шифры, атауы:

Тобы:

№	Бітірушінің тегі, аты-жөні	Туған жылы ИИН №	Тұрғылықты мекен жайы	Оқу түру (мем.грант немесе ақылы негізінде)	Байланыс телефоны	Ат-анасының байланыс телефоны	Өзгеде байланыс телефоны	Бітірушінің түйіндемесі	Бітірушінің қолы
1									
2									
3									
4									
5									
6									
7									

Кафедра меңгерушісі: _____ Т.А.Ә.
(қолы)

Жауапты маман: _____ Т.А.Ә.
(қолы)

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті» АҚ		УЕ-29-24
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	1-нұсқа
Бітіруші түлектерді жұмыспен қамту		11 беттің 10-беті

Қосымша 3

Бітіруші түлектерді жұмысқа арнайы бөлу тізбесі (УЕ-29-24 Ф.29-03)

Бітіруші түлектерді жұмысқа арнайы бөлу тізбесі

(20__ жылғы түлектер бойынша мәлімет)

Факультет атауы:
Мамандық/ БББ шифры, атауы:
Тобы:

№	Бітірушінің тегі, аты-жөні	Жынысы	Туған жылы ИИН №	Ұлты	Отбасылық жағдайы	Тұрғылықты мекен жайы	Оқу түру (мем.грант немесе ақылы негізінде)	Жұмысқа қайда жіберілді				
								Кәсіпорын(ұйым, мекеме)ат ауы	Кәсіпорынның(ұйым, мекеме)енің мекен жайы	Қызметі	Мамандығы бойынша/мамандығы бойынша емес	Кәсіпорынның меншік нысаны
1												
2												
3												
4												

Факультет деканы: _____ Т.А.Ә.
(қолы)

Кафедра меңгерушісі: _____ Т.А.Ә.
(қолы)

Жауапты маман: _____ Т.А.Ә.
(қолы)

Растайтын анықтамаларды жинақтап тапсыру қажет.

- 1) Жұмыс орнынан анықтама;
- 2) Әскери қызмет өтеудегі;
- 3) I және II топтағы мүгедектерге;
- 4) магистратураға, докторантураға одан әрі оқу үшін түскен адамдарға;
- 5) жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар адамдарға.

